

**"Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 121 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 395 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 31 тамызда № 14187 болып тіркелді

1. «Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 121 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9958 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидаларында :

көрсетілген Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидаларына 1-қосымшада :

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«АЕР<sub>0</sub> – тарифтердің негізінде айқындалатын, шикі мұнайды жер қойнауын пайдаланушыдан Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдау жөніндегі шығыстарды шегере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті жариялайтын кедендік статистика деректері бойынша есептелетін Қазақстан Республикасының шекарасындағы шикі мұнайдың өткен күнтізбелік жылы орташа өлшенген экспорттық бағасы, тоннасы үшін теңге;

\*Ескертпе: шикі мұнай өндірілмеген жағдайда,  $r$  құндық коэффициенті 1-ге тең;»;

көрсетілген Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидаларына 2-қосымшада :

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«АЕР<sub>0</sub> – тарифтердің негізінде айқындалатын, шикі мұнайды жер қойнауын пайдаланушыдан Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдау жөніндегі шығыстарды шегере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті жариялайтын кедендік статистика деректері

бойынша есептелетін Қазақстан Республикасының шекарасындағы шикі мұнайдың өткен күнтізбелік жылы орташа өлшенген экспорттық бағасы, тоннасы үшін теңге;

Ескертпе: шикі мұнай өндірілмеген жағдайда,  $r_1$  құндық коэффициенті 1-ге тең;»;

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«қосымша өндірілген өнімнің (сұйытылған мұнай газ) көлемі газды өндіру көлеміне қарай, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$r_2 = r_{2.1} * r_{2.2} * r_{2.3}$$

м ұ н д а ғ ы ,

$r_{2.1}$  – өткен күнтізбелік жылдағы газдың өндіру көлемі мынадай диапазонда е с е п т е п ш ы ғ а р ы л а д ы :

газды өндіру көлемі 1000 млн.м<sup>3</sup> дейін коэффициент 0,7-ге тең;

газды өндіру көлемі 1000 млн.м<sup>3</sup> бастап 2000 млн.м<sup>3</sup> дейін коэффициент 1-ге тең;

газды өндіру көлемі 2000 млн.м<sup>3</sup> бастап 3000 млн.м<sup>3</sup> тең дейін коэффициент 2-ге

т е н ;

газды өндіру көлемі 3000 млн.м<sup>3</sup> бастап 4000 млн.м<sup>3</sup> дейін коэффициент 4,5-ке тең;

газды өндіру көлемі 4000 млн.м<sup>3</sup> бастап коэффициент 5,7-ге тең;».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында о р н а л а с т ы р у д ы ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Энергетика министрі*

*Қазақстан Республикасының  
Қ. Бозымбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК